

БҰЙРЫҚ

05.11.2025

ПРИКАЗ

№ 1848

8D101 Денсаулық сақтау бағыты: 8D10141 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерін және ресми рецензенттерін бекіту туралы

«Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығының 5, 9-тармақтарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. 8D10141 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің уақытша мүшелері ретінде PhD диссертанты Касымова Асель Аленовнаның «Жедел коронарлық синдроммен жүрекше фибрилляциясы бар науқастарда тері арқылы коронарлық араласулардан кейін ишемиялық және геморрагиялық жағдайлардың болжамдық көрсеткіштері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғау бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін келесі ғалымдар бекітілсін:

1) Гордеев Иван Геннадьевич – медицина ғылымдарының докторы, профессор, клиникалық медицина институты директорының орынбасары, академик П.Е.Лукомский атындағы госпитальдық терапия кафедрасының меңгерушісі, Ресей Денсаулық сақтау министрлігінің Н.И. Пирогов атындағы Ресей ұлттық зерттеу медицина университеті, Мәскеу қаласы, Ресей Федерациясы.

2) Тундыбаева Мейрамгуль Капсиметовна – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты» АҚ, кафедра меңгерушісі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру департаментінің басшысы, «Артериялық гипертония және жүрек-кантамырлық профилактика мамандары қоғамы» қоғамдық бірлестігінің вице-президенті, Алматы қаласы, Қазақстан.

3) Керимкулова Айман Сайлаубековна – медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, «Астана медицина университеті» КеАҚ «№2 отбасылық медицина» кафедрасының меңгерушісі, Астана қаласы, Қазақстан.

2. 8D10141 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің ресми рецензенттері ретінде PhD диссертанты Касымова Асель Аленовнаның «Жедел коронарлық синдроммен жүрекше фибрилляциясы бар науқастарда тері арқылы коронарлық араласулардан кейін ишемиялық және геморрагиялық жағдайлардың болжамдық көрсеткіштері»

тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғау бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін келесі ғалымдар бекітілсін:

1) Жолдин Бекболат Кулжанович – медицина ғылымдарының кандидаты, профессор, «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ «Ішкі аурулар-2» кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы терапевтер қауымдастығы Президиумының мүшесі, Еуропалық және Ресей кардиологтар қоғамдарының, сондай-ақ жүрек жеткіліксіздігі мамандары қоғамының мүшесі, Ақтөбе қаласы, Қазақстан.

2) Тайжанова Дана Жумағалиевна - медицина ғылымдарының докторы, «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ «Ішкі аурулар» кафедрасының профессоры, Қарағанды қаласы, Қазақстан.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор Н.Е. Аукеновке жүктелсін.

Негіздеме: 8D10141 «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңестің хаттамасынан көшірме.

Ректор



Ж.Сейтжанова